

# Азаматтық бюджет

## Жуалы ауданы 2017 жыл

Жуалы ауданы Жамбыл облысының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Жер көлемі 4136 шаршы шақырым, 49 елді мекен орналасқан. Аудан орталығы 11,2 мың тұрғын халқы бар Б. Момышұлы ауылы.

Қысқаша мазмұны:

**2 бет.** Негізгі міндеттерге қол жеткізудің есептері. Бұл бетте әкімдіктің аудандық бюджетті орындау барысында қол жеткізген негізгі міндеттеріне түсініктеме беріледі.

**3 бет.** Аудан қаржысы – кіріс және шығыс бөліктері. Өткен жылмен қоса, бюджеттің кіріс және шығыс бөліктері туралы ақпарат беріледі.

**4 бет.** Ауданның экономикалық дамуы. Алдыңғы жылдарға ауданның дамуы және негізгі жоспарлары.

Экономикалық саясаттың мақсаты- Жуалы ауданының бәсекеге қаблетті тауар және қызмет өндірушілеріне тиімді мемлекеттік басқару жүйесі негізінде, сапалы, ырғақты экономикалық өсімінің қалыптасуына ықпал ету. ( Жуалы ауданының 2016-2020 жылдарға арналған әлеуметтік -экономикалық даму болжамынан.).

Аудан 14 ауылдық округке бөлінген\*:

Б.Момышұлы	Көкбастау
Ақсай	Күреңбел
Ақтөбе	Қарасаз
Билікөл	Қошқарата
Боралдай	Қызыларық
Жетітөбе	Мыңбұлақ
Нұрлықент	
Шақпақ	

### Негізгі экономикалық көрсеткіштер:

№		2017*
1	Айлық есептік көрсеткіш (теңге)	2269
2	Ең төменгі еңбек ақы мөлшері	24459
3	Күн көрістің төменгі деңгейі	24459
4	Ең төменгі зейнетақы мөлшері	28148
5	Жуалы ауданы бойынша қызметкерлердің орташа жалақысы (теңге)	68487
6	Жан басына шаққанда ЖӨӨ (мың теңге)	588,4
7	Халық саны (мың адам) 1 мамырға	51248
8	Аудан орталығы халқының үлесі (%)	21,9%
9	Ауыл халқының үлесі (%)	100%
10	65 жастан асқан тұлғалардың үлесі (%)	5,5
11	Зейнетақы алушылардың саны (адам)	4912
12	1000 адамға шаққандағы туылғандардың деңгейі	23,8
13	Еңбекке жарамды жастағы халықтың саны (мың адам)	28
14	Аудандағы көші-қон (көші-қон сальдосы) қаңтар-наурыз	-91

АЕК- бұл ҚР қолданылатын зейнетақы, жәрдемақы және басқа да төлемдерді есептеу, сонымен қатар айыппұл санкциясын, салық және басқа төлемдердің есептерінің көрсеткіші. (Жыл сайын ҚР «Республикалық бюджет туралы» Заңымен нақтыланады ).

Күнкөрістің ең төмен деңгейінің шамасы-құнының шамасы бойынша ең төменгі деңгейдегі тұтыну қоржынына тең бір адамға қажетті ең төменгі ақшалай табыс.

Қалыпты еңбек жағдайында және қалыпты жұмыс уақытының ұзақтығында еңбек нормаларын (еңбек міндеттерін) орындаған, квалификацияланбаған (аса күрделі емес) жай еңбек үшін жұмысшыға берілетін кепілді ең төменгі ақшалай төлем.

Жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ)- ауданның және облыстың экономикалық даму нәтижелерін сипаттайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің бірі.

Инфляция-ақшаның құнсыздануы, халықтың жеке тұтыну үшін сатып алынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерге жалпы баға деңгейінің уақыт ішіндегі өзгеруін көрсетеді.

\* тиісті жылдың басына

# Негізгі міндеттерге жетудің есебі

## Білім

Көрсеткіштер	2016	2017 (болжам)	2018 ( болжам)
<b>Орта білім</b>			
ҰБТ орташа балы (балл)	80,9	81,0	81,8
Жалпы мектеп саны (жалпы білім беретін күндізгі мектеп саны)	40	40	40
Апатты жағдайдағы мектептердің үлесі (%)	0	0	0
Спорт залдары бар мектептердің үлесі (%)	75,0	75,0	77,5
Қажетті желілік ресурстармен мәліметтерді кепілді жылдамдықпен берумен қамтылған мектептердің үлесі %	100	100	100
Интерактивті құралдарды пайдаланатын білім мекемелерінің саны	29	31	35
Мектеп алды оқумен және тәрбиенен қамтылған балалар (%) 3-6 жас	90,3	95,1	95,6
Мектеп алды дайындықпен қамтылған балалар (%)	100	100	100
Жалпы бала бақша санындағы, мектеп алды оқумен және тәрбиенен қамтылған жеке меншік мекемелердің үлесі (%)	-	-	-
Бала бақшалардың саны	27	28	30
Шағын орталықтардың саны	1	1	1

Жуалы ауданы бойынша 2016 жылғы ҰБТ-ның орташа балл көрсеткіші 80,9 балл болды.

2017 жылы ауданда ҰБТ көрсеткішінің деңгейі 81,0 баллдан төмен болмайды деп жоспарлануда. Қажетті желілік ресурстармен мәліметтерді кепілді жылдамдықпен берумен қамтылған мектептердің үлесі 2016 жылы 100 % өседі деп жоспарлануда. . Интерактивті құралдарды пайдаланатын білім мекемелерінің саны 29, мектеп алды оқумен және тәрбиенен қамтылған балалар саны 0,3% өседі. Бүгінгі таңда мектеп алды дайындықпен балалардың 100 % қамтылған.

## Денсаулық сақтау

Көрсеткіштер	2016	2017 ( болжам)	2018 (болжам)
Ана өлімінің деңгейі (100 мың тірі туылғандарға) %	-	-	-
Сәби өлімінің деңгейі ( 100 мың тірі туылғандарға) %	5,3	4,7	4,2
100 мың тұрғынға туберкулезбен ауырғандардың деңгейі %	47,5	46	45
100 мың тұрғынға туберкулезден қайтыс болғандардың үлесі %	3,8	4,9	0
100 мың тұрғынға ВИЧ/СПИД ауырғандардың деңгейі %	0,02	-	-


2016 жылы ана өлімі орын алған жоқ. Сәби өлімі 2016 жылы 5,3 % деңгейінен 2017 жылы 0,6%-ға төмендейді.

Жуалы ауданында туберкулезбен ауырғандар үлсеі 2016 жылы 47,5% болса, 2017 жылы 46,0% төмендейтіні жоспарлануда

## Әлеуметтік қорғау


Көрсеткіштер	2016	2017 ( болжам)	2018 (болжам)
Жалпы аудан халық санына, күнкөрістің ең төменгі мөлшерінен табысы төмен халық санының үлесі %	20.1	20.0	20.1
Күнкөрістің ең төменгі мөлшерінен табысы төмен жалпы халық санына, қосымша әлеуметтік көмекпен қамтылған аз қамтамасыз етілген азаматтардың үлесі %	0,6	1.7	2,0

Ең төменгі табысы бар халықтың үлесі 2017 жылы 1,2% қысқарады.



	2016 (нақты)	2017 (жоспар)
<b>Кірістер</b>	7 353,4	8 173,5
<b>Шығыстар</b>	7 353,4	8 173,5

**Салық түсімдері түрлерінің үлесі,,  
2017 жыл., %**



2017 жылғы Жуалы ауданы бюджетінің салықтық түсімдерін негізінен жеке табыс салығы 201,9 млн.теңге, әлеуметтік салық 147,1 млн. теңге, мүлік салығы 768,2 млн. теңге қалыптастырады. Ал корпоративтік табыс салығы (КТС), қосымша құн салығы (НДС) түрлері республикалық бюджетке түседі. Жеке табыс салығының және әлеуметтік салықтың 50% облыстық бюджетке түссе, 50% тиісінше аудандық бюджетке түседі.

Жалпы шығындар көлемінің үлкен үлесі : Білім беру шығындары - 71,6 %; әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру -6,2%, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық-4,8 %, мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік -4,2%. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылықтарына, қоршаған ортаны қорғау және аңдар әлеміне -2,2 %; көлік және коммуникация, жолдарға -2,8 %,

Жуалы ауданының жоспарлы бюджетінде шығыстар бөлігі (8 173,5 млн. теңге), кірістер бөлігімен (8 173,5 млн. теңге) тең екенін көрсетеді. 2016 жылға Жуалы ауданының кіріс жоспары 7 353,4 млн. теңгені құрайды, немесе 2017 жылмен салыстырғанда 820,1 млн. теңгеге кем. Жуалы ауданының 2017 жылғы бюджет кірістері келесі көлемде қалыптасқан. ( млн. теңге)

	1 181,6
Салықтық емес түсімдер	8,4
Негізгі капиталдан саудан түскен түсімдер	10,5
Трансферттер түсімдері	6 972,9

Кірістің көп үлесін трансферт түсімдері құрайды 85,3 %, салықтық түсімдер 14,5%, салықтық емес түсімдер 0,1%, Негізгі капиталдан сатудан түскен түсімдер 0,1 %.

**Трансферт-** бұл қаржыны бір бюджеттен екінші бюджетке аудару. Жуалы ауданының 2017 жылғы бюджетіне трансферт түсімдері, негізінен жоғарғы тұрған бюджеттерден түседі. (ОБ) 85,32%

**Жуалы аудандық бюджетінің 2017 жылға арналған шығыстары (мың.теңге)**




# Ауданның экономикалық дамуы

**2017 жылы республикалық және облыстық бюджеттен қаржыландырылатын әлеуметтік-маңызды бюджеттік инвестициялық жобалар**

Нысандардың атауы	Құны (мың тг)
<b>РБ трансферттері</b>	
<b>Облыстық және аудандық бюджет</b>	335646
Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қызыларық ауылындағы 150 оқушыларғы арналған орта мектептің құрылысы	288035
Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қарабастау ауылында Қошмамбетов атындағы орта және мәжіліс залдарының құрылысын салу Жобаның ЖСҚ түзету	3940
«Жамбыл облысы Жуалы ауданы Күреңбел ауылының сумен қамтамасыз ету жүйесінің құрылысын салу» жобаның ЖСҚ түзету және кешенді ведомоствадан тыс сараптама жүргізу	9270
«Жамбыл облысы Жуалы ауданы Көлтоған ауылының сумен қамтамасыз ету жүйесінің құрылысын салу» жобаның ЖСҚ түзету және кешенді ведомоствадан тыс сараптама жүргізу	8509
«Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қошқарата ауылының сумен қамтамасыз ету жүйесінің құрылысын салу» жобаның ЖСҚ түзету және кешенді ведомоствадан тыс сараптама жүргізу	2967
«Жамбыл облысы Жуалы ауданы Шақпақата ауылының сумен қамтамасыз ету жүйесінің құрылысын салу» жобаның ЖСҚ түзету және кешенді ведомоствадан тыс сараптама жүргізу	11661
Жуалы ауданы Дихан ауылындағы «Дихан» орта мектебінің құрылыс жоба сметалық құжаттары	4500
Жуалы ауданы Алатау ауылындағы «Алатау» орта мектебінің құрылыс жоюа сметалық құжаттары	3000
Жуалы ауданы Қоңыртөбе ауылындағы «Пахомов» орта мектебе жапсарлас құрылыс жоюа сметалық құжаттары	3464
Жетітөбе ауылдарындағы мал сою цехын электрмен қамтамасыз ету жоба сметалық құжаттарын түзету	300

2017-2021 жылдардағы кіріс саясаты ауданның индустриалды-инвестициялық дамуын ынталандыруды жалғастыруға, бәсекеге қаблетілігін көтеруге және экономикада тиімді салық салмағын құруға бағытталады.




## 2018 жылға жоспарланған құрылыстар:

Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қызыларық ауылындағы 150 оқушыларғы арналған орта мектептің құрылысы 195093,0 мың теңге.

Жуалы ауданы Қаратас ауылындағы «Қаратас» негізгі мектебіне жапсарлас спорт және мәжіліс залдары құрылысын салу жоба сметалық құжаттары 2500,0 мың теңге.

Жуалы ауданы Ынтымақ ауылындағы «Ынтымақ» орта мектебіне жапсарлас спорт және мәжіліс залдары құрылысын салу жоба сметалық құжаттары 2500,0 мың теңге

*2017-2019 жылдардағы бюджеттің  
болжам көрсеткіштері (млн.теңге)*



	2017 ЖЫЛ	2018 ЖЫЛ	2019 ЖЫЛ
<b>Кірістер</b>	<b>8 173,5</b>	<b>8 498,7</b>	<b>10 789,6</b>
<b>Шығындар</b>	<b>8 173,5</b>	<b>8 498,7</b>	<b>10 789,6</b>